

29.04.2026

Инв. № 5728

Күні: 21.07.2025

БАСШЫЛЫҚ ҚҰЖАТ
«Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамы

Бекітілді
Басқарма Төрағасы
_____ С.В. Бежецкий
«15» 07 2025

**«ҮМЗ» АҚ-да жұмыскерлердің «Stop-Карта» қауіпсіз емес жұмыстарын тоқтату
бойынша рәсімді қолдану тәртібі
нұсқаулық**
РД ОПБиОТ № 14.034-25
(РД ОПБиОТ № 14.034-20 орнына)

Әрекет ету мерзімі «01» 08 2030 жылға дейін
«18» 07 2025 жылғы № 1215 бұйрық

Әзірледі
Өндіріс қауіпсіздігі жөніндегі директор
_____ Е.А. Чумин
«15» 07 2025

Өскемен

1 Қолданылу саласы

Осы нұсқаулық «ҮМЗ» АҚ-да жұмыскерлердің «STOP-Карта» қауіпсіз емес жұмыстарын тоқтата тұру/тоқтату жөніндегі рәсімді (бұдан әрі - Рәсім) қолдану тәртібін белгілейді және жұмыскерлердің қауіпсіз емес жұмыстарды тоқтата тұру/тоқтату тәртібін айқындайды.

Осы рәсім ЕҚЖЕҚ, ӨҚ, РҚ, ҚОҚ саласындағы ҚР заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында әзірленген және жазатайым оқиғалардың, кәсіби аурулардың, төтенше оқиғалардың алдын алуға, өндірісте қауіпсіздік мәдениетін дамытуға, қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау және қолдау үшін әрбір жұмыскердің саналылығы мен жеке жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

Осы нұсқаулық «ҮМЗ» АҚ-ның барлық персоналына қолданылады және ӨӨК және ОА-ның негізгі, қосалқы өндіріс бөлімшелерінде қолданылады.

Осы нұсқаулықта көрсетілген талаптар «ҮМЗ» АҚ-да қолданылатын басқа нормативтік құжаттардың талаптарымен орындау үшін міндетті және осы құжаттарда көрсетілген қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды алмастыру болып табылмайды.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы нұсқаулықты қолдану үшін мынадай сілтеме құжаттар қажет. Күні көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтеме құжаттың соңғы басылымы қолданылады (оның барлық өзгерістерін қоса алғанда).

СТ 20.0007 Терминдер мен белгілер.

ИП 14.0019 Басшылық құжаттар. Басып шығару және басқару тәртібі.

РД ОПБиОТ № 14.024 «ҮМЗ» АҚ-да аса қауіпті жұмыстарды ұйымдастыру және қауіпсіз жүргізу тәртібі.

РД ОПБиОТ № 14.031 «ҮМЗ» АҚ бөлімшелерінде қауіпті іс-қимылдарды, қауіпті жағдайларды, зардапсыз салдарды анықтау және мінез-құлықтық қауіпсіздік аудитін жүргізу тәртібі.

3 Терминдер, анықтамалар, белгілер және қысқартулар

Қауіпті фактор: Зиянның ықтимал көзі немесе адамның жарақаттануы мүмкін немесе мүліктің (жабдықтың) зақымдануына әкелуі мүмкін жағдай.

Рәсім: Жұмыскерлердің қауіпсіз жұмыстарды тоқтата тұру/тоқтату рәсімі («STOP-Карта»).

«STOP-Карта»: жұмыскерлердің қауіпті жұмыстарды тоқтата тұру/тоқтату тәртібін айқындайды

4 Жалпы ережелер

4.1 осы нұсқаулық ҚР Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес әзірленді.

4.2 ҚР Еңбек кодексінің 181-бабына сәйкес әрбір қызметкердің:

- ЕҚЖЕҚ талаптарына сәйкес жабдықталған жұмыс орны;

- ЕҚЖЕҚ бойынша талаптарға сәйкес санитарлық-тұрмыстық үй-жайлармен, жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз ету;

- жұмыс беруші жұмыскерді жеке және (немесе) ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз етпеген жағдайда және оның денсаулығына немесе өміріне қатер төндіретін жағдай туындаған кезде бұл туралы тікелей басшыға немесе жұмыс берушіге жазбаша хабарлай отырып, жұмысты орындаудан бас тарту;

- жұмыс берушіден ұйымның жұмыс орны мен аумағының сипаттамасы, ЕҚЖЕҚ шарттарының жай-күйі, қолданыстағы кәсіптік тәуекел туралы, сондай-ақ оны ҚЗӨФ әсерінен қорғау жөніндегі шаралар туралы сенімді ақпарат алу.

4.3 Әрбір жұмыскер өндірістік қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін қауіпті жағдайлар немесе қауіпті әрекеттер болса, қауіпті жұмыстарды тоқтата тұруға/тоқтатуға толық құқылы.

Жұмысты тоқтату құқығы-бұл әрбір жұмыскерге/қызметкерге қауіпті деп санайтын жағдай байқалғаннан кейін жұмысты тоқтатуға өкілеттік беретін процесс.

4.4 жұмысты тоқтата тұруды/тоқтатуды талап ететін жағдайлар бұл қауіп:

- өндірістегі жазатайым оқиға;
- кәсіптік ауру алу;
- авария немесе инцидент;
- ЖКО;
- өрт;
- қоршаған ортаның ластануы;
- басқа.

4.5 Жұмыскер/қызметкер жұмысты тоқтата тұруға / тоқтатуға құқылы, егер:

- оның өміріне және (немесе) айналасындағылардың өміріне қауіп төніп тұрса;
- жұмысты жалғастыру аварияға, инцидентке, жазатайым оқиғаға әкелуі мүмкін;
- жұмыстар қауіпсіздік талаптарын бұза отырып жүргізілсе;
- жұмысты орындау үшін қауіпсіз жағдайлар жасалмаса (ұйымдастырушылық және техникалық);
- жұмыс беруші жұмыскерді ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша оқытуды, нұсқау беруді, білімін тексеруді өткізбесе;
- басқа.

5 қауіпті жұмыстарды тоқтата тұру/тоқтату тәртібі

5.1 Жұмыстарды тоқтата тұруды/тоқтатуды талап ететін мән-жайлар анықталған жағдайда, жұмыскер бұл туралы өз басшысына және УӨ бас техникалық басшысы қызметінің ЕҚ және ҚОҚ, ЯҚ, РҚ / БӨ және ТӨ бас техникалық басшысы қызметінің ЕҚ және ҚОҚ жөніндегі мамандары, қосалқы өндірістер үшін бөлімшелердің ЕҚ және ҚОҚ жөніндегі инженерлерге дереу хабарлайды. Егер жұмыс рұқсат-наряд бойынша орындалса, жұмыстың басшысына/өндірушісіне хабарлаңыз.

5.2 Басшы жұмыстарды тоқтата тұруды/тоқтатуды талап ететін мән-жайлардың бар екендігі туралы хабардар болғаннан кейін, жұмыстар жүргізілетін бөлімшенің (учаскенің, қызметтің, цехтың) басшылығын хабардар ете отырып, олардың туындау себептері жойылғанға дейін жұмыстарды тоқтата тұруға міндетті.

5.3 Жұмысты тоқтата тұру/тоқтату құқығы қолданылғаннан кейін мыналар орындалады:

- жұмыс дереу тоқтатылуы тиіс;
- тоқтата тұру/тоқтату себебі түсіндіріледі (қауіпсіздікті жақсарту жөніндегі ұсынымдар, нормалар мен ережелердің бұзылуы, басқа да себептер);
- тәуекелдерді азайту бойынша қосымша бақылау шараларын анықтау және айқындау мақсатында орындалатын жұмыстың қауіпсіздігіне талдау жүргізіледі.

5.4. Жұмысты тоқтата тұру/тоқтату жүргізілгеннен кейін «STOP-Карта» ӨҚБ ӨК-де тіркеледі, онда жауапты орындаушы жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайды сипаттап, жұмыстың тоқтатыла тұруының себебін көрсетуі тиіс.

5.5. «STOP-Карта» «Ескертулерді тіркеу» бөлімінде одан әрі талдау және себептерді жоюға шаралар қабылдау үшін РД ОПБиОТ № 14.031 талаптарына сәйкес толтырылады.

5.6. Мұндай жұмысты тоқтата тұру/тоқтату жұмыскерге жұмысты орындаудың қандай да бір қауіпсіз тәсілін көрсету үшін қажетті үзіліс болуы мүмкін, бірақ ол орындаудағы кідіртуді немесе жоюға келмейтін факторлар анықталған кезде жұмыстың тоқтатылуын білдіреді. Бұл ретте бөлімше басшысы жұмысты тоқтату қажет болған жағдайда жұмыскерлерді қолдай отырып, берік ұстанымда болуға міндетті.

5.7. ЕҚЖҚ талаптарын бұзу салдарынан жұмыскердің өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда жұмыстарды орындаудан не еңбек шартында көзделмеген еңбек жағдайлары зиянды

және (немесе) қауіпті жұмыстарды орындаудан бас тартуы оны тәртіптік жауапкершілікке тартуға әкеп соқпайды.

5.8 УӨ бас техникалық басшысы қызметінің ЕҚ және ҚОҚ, ЯҚ, РҚ / БӨ және ТӨ бас техникалық басшысы қызметінің ЕҚ және ҚОҚ жөніндегі мамандары, қосалқы өндірістер үшін бөлімшелердің ЕҚ және ҚОҚ жөніндегі инженерлері қауіпсіз емес жұмыстарды тоқтата тұрудың/тоқтатудың әрбір жағдайын есепке алуды қамтамасыз етуі тиіс және оларға дереу ден қоюға міндетті.

5.9 Жұмысты тоқтата тұруға/тоқтатуға негіз болған себептер (жағдайлар) жойылған жағдайда жұмысты қайта бастауға жол беріледі.

5.10 егер қызметкер өз жұмысын тоқтата тұру/тоқтатудың заңды екендігіне сенімді болмаған жағдайда, ол өзінің тікелей басшысына және УӨ бас техникалық басшысы қызметінің ЕҚ және ҚОҚ, ЯҚ, РҚ / БӨ және ТӨ бас техникалық басшысы қызметінің ЕҚ және ҚОҚ жөніндегі мамандары, қосалқы өндірістер үшін бөлімшелердің ЕҚ және ҚОҚ жөніндегі инженерлеріне жүгінуі қажет, жағдайды түсіндіріп, жауапты тұлғалармен бірлесіп шешім қабылдасын.

5.11 жұмысты тоқтата тұру/тоқтату алдын алу қауіпсіздігі құралы болып табылады, сондықтан оған қатысты тоқтату қолданылған қызметкерге ҚТА жүргізу және ЕҚЖҚ және технологиялық регламенттер бойынша нұсқаулықтармен қайта танысу ұсынылады (егер бұл қажет болса).

Аударған: Галиева З.

